**БЕКІТЕМІН:**
**Мектеп директоры: М.К.Кулсарина**

# 2020-2021 оқу жылына арналған

# «Бала би» ересек топтардың музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективтік жоспары

***Қыркүйек айы бойынша өтпелі тақырып:** «Менің балабақшам»*

***Мақсаты**: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін түсінеді, қабылдайды. Жеңіл ырғақты қимылдарды өз еріктерімен орындайды.*

***Міндеттері:***

- *Әндерді мұқият тыңдай білуге дағдыланады;*
- *Әннің сөздердін қайталап, сүйемелдеумен орындайды;*
- *Ырғақты қимылдарды біркелкі жасауға тырысады.*

| *Р/с* | ***Тақырыбы*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *I* | ***«Бақшаға барамын»*** | ***Музыка тыңдау:** «Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов)*<br>***Ән айту:** «Бақшаға барамын» (Ө.Байділдәйев, К.Сүлейменов)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** Қазақ биі «Айгөлек» (өңдеген Е. Лапин).* | *Бубен аспабы.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4 к моделі, бала үні Саралау, бақылау* | *2* | *01.09.2020ж*<br>*08.09.2020ж* |
| ***II*** | ***Кір қуыршақ*** | ***Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Ж Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуов)*<br>***Ән айту:«**Кір қуыршақ әні» (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні).* | *АҚТ тех, кір қуыршақ, бесік, тазалыққа қажетті жабдықтар.* | *2* | *10.09.2020ж*<br>*15.09.2020ж* |
| ***III*** | ***Менің сүйікті достарым*** | ***Музыка тыңдау:** «Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов).*<br>***Ән айту:** «Менің сүйікті достарым». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов).* | *Дидактикалық материалдар* | *2* | *22.09.2020ж*<br>*24.09.2020ж* |

***Қазан айы бойынша өтпелі тақырып: «Қош келдің, Алтын күз!»***

***Мақсаты:*** *Дыбыстаудың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға талпынады. Жеңіл ырғақты қимылдарды әуенге сәйкестендіріп, еске түсіреді.*

***Міндеттері:***

- *Әуенге қатармен жүріп шеңберге ауысады;*
- *Әннің мағынасын түсініп орындайды;*
- *Ырғақты сезініп, жеңіл ырғақты қимылдар жасайды.*

| *Р/с* | ***Тақырыптары*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *I* | ***«Жапырақ»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Жапырақ» (С.З.Табылғанқызы, Қ.Ж.Кенжебақызы)*<br>***Ән айту:*** *«Жапырақ »*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «****Жау жаңбыр» ойыны* | *Түрлі-түсті жапырақ, АҚТ технологиясы.* | *2* | *29.09.2020ж 06.10.2020ж* |
| *II* | ***«Алтын күз келді»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Алтын күз келді» (Темірбай Гулжанат)*<br>***Ән үйрену:*** *«Алтын күз келді» (Темірбай Гулжанат)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қасқыр мен қояндар»* | *Күз мезгілі, жемістерге байланысты суреттер..* | *2* | *08.10.2020ж 13.10.2020ж* |
| *III* | ***«Мен алманы жақсы көрем»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Алматы» (муз. Е. Хасанғалиев, сөзі А. Асылбеков).*<br>***Ән айту:*** *«Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М.Мусоргский).* | | *2* | *20.10.2020ж 22.10.2020ж* |

***Қараша айы бойынша өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»***

***Мақсаты:*** *Ырғақты қимылдық ойын түрлері арқылы музыкалық дыбыстарды ажырата біледі, музыканың сипатын сезінеді.*

***Міндеттері:***

- *Музыканың сүйемелдеуімен шеңбер бойында ырғақты-қимылдар орындайды;*
- *Әннің сөзін толық қайталауға тырысады, шығарманы дұрыс тыңдайды;*
- *Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделеді.*

| *Р/с* | ***Тақырыптары*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***Қолыңды жу*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Қолыңды жу» (Абай Сарсет).*<br>***Ән айту:*** *«Қолыңды жу» (Абай Сарсет)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов),* | *Тазалық заттары* | *2* | *27.10.2020ж*<br>*03.11.2020ж* |
| ***II*** | ***Спорт – біздің досымыз*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой).*<br>***Ән айту:*** *«Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *« Орамалмен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович)* | *Орамалдар* | *2* | *05.11.2020ж*<br>*10.11.2020ж* |
| ***III*** | ***«Пайдалы жемістер»*** | ***Музыка тыңдау:*** *Дауыс жаттығулары: «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз».*<br>***Ән айту: «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).***<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Құрлымдалған ойын: «Жемістер мен көкөністер»* | *Жемістер және көкіністер муляжы* | *2* | *12.11.2020ж*<br>*17.11.2020ж* |

***Желтоқсан айы бойынша өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»***

***Мақсаты:*** *Жоғарғы және төменгі дыбыстарды танып, оны ойын әрекетінде ажыратады. Әуеннің мазмұнына, сипатына эмоциялы көңіл-күй танытады.*

***Міндеттері:***

- *Әнді мұқият тыңдап, алған сезімдерімен бөлісуге дағдыланады;*
- *Жігерлі, рухты әуендерге ырғақты би қимылдарын орындаайды;*
- *Әуендегі қатты және баяу дыбыстарды ажырата алады.*

| *Р/с* | ***Тақырыптары*** | ***Репертуар*** | *Көрнекі құралдары* | *Сағат саны* | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***Отаным*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Керуен» (муз. К. Дүйсекеев)*<br>***Ән айту:*** *«Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қыз қуу» ойыны* | *Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру* | **2** | ***19.11.2020ж***<br>***24.11.2020ж*** |
| ***II*** | ***Астанаға саяхат*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Асқақтаған, Астана!» (А. Әлиев, Н.Айтұлы)*<br>***Ән айту:*** *«Бәйтерек» (Б.Әлімжан, Ж. Маханбетова).*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қара жорға»* | *Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері* | **2** | ***02.12.2020ж***<br>***04.12.2020ж*** |
| ***III*** | ***Қысқы әуен*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Аязата сыйлығы»(Ж.Тезекбаев,И.сапарбаев)*<br>***Ән ату:«****Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева)*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:***<br>*«Кішкентай аяаталар»* | | **2** | ***08.12.2020ж***<br>***22.12.2020ж*** |

***Қаңтар айы бойынша өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»***

***Мақсаты:*** *Қысқы табиғат ерекшеліктері мен ауа райы құбылыстырын музыка әлемінде танып біледі. Әннің көңіл-күйін түсініп ырғақты жауап береді.*

***Міндеттері:***

- *Ән мазмұнындағы қысқы табиғатты түсінеді;*
- *Қыс мезгіліне арналған әндерді жаттап, әуенімен есте сақтайды;*
- *Қыс мезгілінің ерекшелігін ән тыңдай отырып ойда бейнелеуге талпынады.*

| *Р/с* | ***Тақырыбы*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***Қыс қызығы*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Шанғы тебеміз» Е.Тиличеева.*<br>***Ән айту: «Қыс»***<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Пед жет ойын: «көңілді ырғақ».* | *Хат, аққала* | *2* | *24.12.2020ж*<br>*29.12.2020ж* |
| ***II*** | ***«Айнала ақша қар»*** | ***Музыка тыңдау: «Қыс қызығы»***<br>*(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).*<br>***Ән айту: «Қыс қызығы»***<br>*(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).* | *Тақырыпқа байланысты суреттер* | *2* | *12.01.2021ж*<br>*14.01.2021ж* |
| ***III*** | ***«Жасыл шыршалар»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Шырша жыры» Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден*<br>***Ән айту:*** *«Шырша жыры» Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:***<br>*Құрлымдалған қимылды ойын: «Көңілді балалар»* | *Шырша суреті, дид материалдар.* | *2* | *19.01.2021ж*<br>*26.01.2021ж* |

***Ақпан айы бойынша өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»***

***Мақсаты:*** *Қоршаған әлемді әуезді музыкамен байланыстырады. Әннің динамикалық белгілерін түсінеді, жетекшімен талдай алады.*

***Міндеттері:***

- *Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, айқайламай айтуы қалыптасады.*
- *Музыканың сүйемелдеуімен ойынның шартын дұрыс орындайды;*
- *Бубен, сылдырмақ аспаптарында біркелкі ырғақ соғуға дағыдалнады.*

| *Р/с* | ***Тақырыптары*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***«Ормандағы кішкентай тұрғындар»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Табиғат құбылысы»*<br>***Ән айту: «****Құстар қайтып барады» Еспенбетова Акзира.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:*** *Пед жет ойын: «шаңғы тебеміз» (Е. Тиличеева.)* | *Құстар,ағаш* | *2* | *28.01.2021ж*<br>*02.02.2021ж* |
| ***II*** | ***Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Аққала» әні*<br>***Ән айту:*** *«Жасыл шырша жанында» әнін*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс.****Пед жет ойын: «сөйлейтін бубен».* | *Бубен* | *2* | *09.02.2021ж*<br>*11.02.2021ж* |
| ***III*** | ***Су – өмірдің өзегі*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский).*<br>***Ән айту:*** *«Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).* | *Дидактикалық материалдар* | *2* | *16.02.2021ж*<br>*23.02.2021ж* |

***Наурыз айы бойынша өтпелі тақырып: «Менің отбасым»***

***Мақсаты:*** *Ұлттық өнер түрлерімен танып біледі. Ұлттық өнерге деген қызығушылықтары оянып, домбыра аспабын түрінен, үнінен ажырата біледі.*

***Міндеттері:***

- *Жеңіл әуендерге орындалатын күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтайды;*
- *Ұлттық музыкалық аспаптардың үнімен танысады;*
- *Ұлттық би қимылдарының қарапайым түрлерін үйренеді.*

| *Р/с* | ***Тақырыбы*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***«Отбасым –бақытым»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев*<br>***Ән айту:*** *«Әже тілегі» Т. Қоңыратбай).*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «****Көңілді ырғақтар»* | *Отбасылық суреттер* | *2* | *25.02.2021ж 02.03.2021ж* |
| ***II*** | ***«Мен бақытты баламын»*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Тату достар».*<br>***Ән айту:«****Біз өмірдің гүлміз» Ә.Дүйсенбиев*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс****: «Қатты және ақырын әуен»* | *Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер* | *2* | *09.03.2021ж 11.03.2021ж* |
| ***III*** | ***Тәрбиеші апайым*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Тәрбиеші апайым» (Бота Бейсенова). «Салауат» (муз. мен сөзі М. Оразалиева).*<br>***Ән айту:*** *«Тәрбиеші бағбан» (муз. Қ. Сақай, сөзі Н. Жанаев).*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс****: «Әуенді баспалдақ»* | *Тақырыптық материалдар* | *2* | *16.03.2021ж 30.03.2021ж* |

***Сәуір айы бойынша өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»***

***Мақсаты:*** *Түрлі қарқындағы музыканы тыңдайды, қабылдайды. Әннің мазмұнын жетешімен бірге әңгімелейді, түсінеді.*
***Міндеттері:***

- *Әннің қарқынын ажыратады;*
- *Қимыл қарқынын өзгерте отырып қарапайым қимылдар жасайды;*
- *Жануарлардың дауысын ажыратады.*

| *Р/с* | ***Тақырыбы*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***Көктем*** | ***Музыка тыңдау: «Қараторғай»*** *(Ақан сері)*<br>***Ән үйрену: «Көктем»*** *(Д.Гусинцев, Т.Исабаков).*<br>***Музыкалық –ырғақтық қозғалыс: «Жаңбыр әуені»*** *« Жаңбыр! (Е. Андосов)* | *АҚТ тех, дидактикалық материалдар.* | *2* | *02.04.2021ж*<br>*06.04.2021ж* |
| ***II*** | ***Жау,жау жаңбыр*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Кап-кап, тук-тук-тук»*<br>***Ән айту:*** *«Жау жаңбыр»*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:*** *«Күн шықты жаңбыр жауды» ойыны* | *АҚТ тех, дидактикалық материалдар.* | *2* | *13.04.2021ж*<br>*15.04.2021ж* |
| ***III*** | ***«Ертегілер елінде» әні*** | ***Музыка тыңдау****:«Ертегілер» (Айгерім Қалаубаева)*<br>***Ән айту*** *«Ертегілер елінде» Айгерім Қалаубаева.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыс****: «Көңілді аңдар»* | *«Бауырсақ» ертегісі суреттері.* | *2* | *20.04.2021ж*<br>*27.04.2021ж* |

***Мамыр айы бойынша өтпелі тақырып: «Жайдарлы жаз келді»***

***Мақсаты:*** *Музыка сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз, хормен және жеке ән орындау дағдылары қалыптасады.*

***Міндеттері:***

- *Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді;*
- *Әнді орындағанда еркін ырғақты қимылдайды;*
- *Балаларға арналған музыкалық аспаптарды атап, оларды ырғақ соғуда қолданады.*

| *Р/с* | ***Тақырыбы*** | ***Репертуар*** | ***Көрнекі құралдары*** | ***Сағат саны*** | ***Өтілетін күні*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***I*** | ***Жаз келді*** | ***Музыка тыңдау «****Жаз жадырап» (Салтанат Шайзадаева)*<br>***Ән айту: «Жаз» (****Салтанат Шайзадаева)*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:*** *«Көбелектер мен гүлдер»* | *Көбелектер мен гүлдердің үлгілері* | *2* | *29.04.2021ж*<br>*03.05.2021ж* |
| ***II*** | ***Пойыз*** | ***Музыка тыңдау:«Пойыз» әні.*** *Сөзі – Ж.Смақовтікі. Әні – К.Қуатбаевтікі*<br>***Ән айту:*** *«Көңілді пойыздар» Айсәуле Нұрболатқызы*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыс*** *«Аялдама, тоқта»* | *Фетрден жасалған пойыз* | *2* | *11.05.2021ж*<br>*13.05.2021ж* |
| ***III*** | ***Ғажайып сылдырмақтар*** | ***Музыка тыңдау «****Сылдырмақ» (Жақан Смақов)*<br>***Ән айту: «Жаз» (****Салтанат Шайзадаева)*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:*** *«Сылдырмақтар»биі* | *Сылдырмақтар, қуырашақ* | *2* | *18.05.2021ж*<br>*25.05.2021ж* |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*      ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.    Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Бақшаға барамын»*** | |
| ***Күні:  01.09. 2020ж – 08.09.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық шығарманың сипатын ажырата алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.*<br>*Ырғағы мен динамикасын шапалақтап  көрсету арқылы есте сақтайды.*<br>*Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады.*<br>*Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Балабақша  деген не?*<br>*Сендерді таңертең кім қарсы алады?*<br>*Бұл жерде не істеміз?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен  сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II.Ұйымдастыру*** | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *Жеңіл әуенді бубен аспабында ойнап, балаларға кезекпен ырғақты сезіне орындауды ұсыну.*<br>*Музыка әлемі туралы мағұламат беру. Балалардың ой-қиялдары, армандары туралы әңгімелесу* | *Бубен аспабы.*<br>*Әдіс-тәсілдер:* ***4 к моделі, бала үні Саралау, бақылау*** |
| ***ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов). Тыңдаған әннен алған әсерлерін, мазмұны, көңіл күйі туралы сұрау, әңгімелеу (көңілді, ашық-жарқын т.б.)*<br>*Мазмұн арқылы саралау.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен қол қимылдары арқылы жоғары, төмен көрсете білу.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Ән айту:*** *«Бақшаға барамын» (Ө.Байділдәйев, К.Сүлейменов) Педагог әнді аспап-тың сүйемелдеумен орындап, балаларға сұрақтар қояды: – Қарқыны қандай? – Көңіл күйі қандай? – Ән мәтінінде не туралы айтылады? Бірнеше топтарға бөлініп, ән ырғағын шапалақтап, әрі қарай бубен ырғағымен көрсетуді ұсыну. Ырғақты дәл көрсете білуге үйрету.*<br>***4 к моделі, бала үні***<br>***Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***<br>***Аспаппен танысу:*** *Бубен аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспап екенін ұғындыру.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Қазақ биі «Айгөлек» (өңдеген Е. Лапин). Қазақтың кейбір ұлттық би элементтерімен таныстыру, суреттен көрсету. Балалар орындарынан тұрып, би қимылдарын қайталайды. Әуенге қосылып, мәнерлі қозғалыстар жасайды. Өздері ойдан шығарған би қимылдарымен көрсету. Екі топқа бөліну, бір топ би қимылдарын жасайды, екінші топ бубен аспаптарында ырғақпен ойнайды.*<br>*Креативтілік дағды, өнім арқылы саралау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қатты шаплақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:*** *«Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ Тақырыбы:*** | ***«Кір қуыршақ»*** | |
| ***Күні: 10. 09. 2020ж – 15.09.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажыратуды біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді.*<br>*Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.*<br>*Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.*<br>*Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Достық, сайрандаймыз, әдептілік, батылдық.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Отанды қорғау деген не? Астананы көрдіңдер ме? Бәйтерек қандай?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар үйренген әндерін қайталап айта алады. Ән әуеніне қимылды жасауды біледі.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II.Ұйымдастыру*** | *Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті басы лас.*<br>*Жуын жуын жуынсақ*<br>*Қандай жақсы қуыршақ!*<br>*Әйтпегенде, бөпешім,*<br>*Кірлеп кеткен екенсің.*<br>*Балалармен кір қуыршақ туралы әңгіме өткізу.* | *АҚТ тех, көрнекі құралдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау: «Бесік жыры»*** *(Ж Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуов) «Бесік жыры» қай кезде айтылады? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекешісі өзі көмектеседі. Баланы ұйқтатар алдында, баяу дауыспен ән салып, бесікті жай тербееді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| .. | -*Бала ұйқтады, енді біз ән айтайық.*<br>***«Кір қуыршақ әні»*** *(И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Тазалыққа, әдептілікке үйрету, адамгершілік тәрбиесін беру.*<br>***«Бала уату» ойыны.*** *Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады. Әуен ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтар қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Жанама бақылау*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қосарланып билеу» (Литваның халық әні).*<br>*Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соқызып, қол ұстасып, дөңгеленіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.*<br>*Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жанама бақылау*<br>*Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*  ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | | ***«Менің сүйікті достарым»*** | |
| ***Күні:*** *22. 09. 2020ж – 24.09.2020ж* | | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады.*<br>*Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайды.*<br>*Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады.*<br>*Қол ұстасып, айналады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады.*<br>*Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Татулық, достық*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:*** *Дос дегеніміз не? Достар қандай болу керек?* | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.*<br>*Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі.* | | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II.Ұйымдастыру*** | *Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.*<br>***Педагог:*** *Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?*<br>*«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларындағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.*<br>*Өнім арқылы саралу, блум таксономиясы.* | | *Дидактикалық материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау:* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен* | | |

| | | |
|---|---|---|
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?*<br>***4 к моделі, бала үні***<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.*<br>***Ән айту:*** *«Менің сүйікті достарым». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау.*<br>*Креативтілік дағды, сыни ойлау, бала үні.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*Смайлктер беру* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*      ***Оқу қызмет түрі:***  *Музыка*

***Қазан айы.***      ***Өтпелі тақырып:***  *«Қош келдің, Алтын күз!»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *Жапырақ* | |
| ***Күні:*** *29. 09.* ***2020ж – 06.10.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Әуенді сергек айту, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.Сәйкес,көпке ілесе орындауға төселдіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар әуенмен жүруді, би  ырғақтарын қайталауды үйренеді.*<br>*Балалар «Күзгі орман» суретіне  қарап, орманда қандай  аңдардың бар екенін  айтады.*<br>*Білетін аңдардың қимылынсалып жүруге  тырысады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Күз мезгілінде  табиғат құбылыстары  туралы қойған сұрақтарға жауап береді.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Күзде ауа – райы қандай болады?*<br>*Жапырақтардың түсі қандай түске енеді? Қалай киінеміз?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.* | *Түрлі-түсті жапырақ, АҚТ технологиясы.* |

| | | |
|---|---|---|
| ***II.Ұйымдастыру*** | *Бала үні.*<br>***Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.***<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.* | ***Әдіс-тәсілі:*** *4К,*<br>*бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *-Балалар, айтыңдаршы, күн суытады, жеміс-жидек, көкөністер піседі, жауын жауады бұл қай кезде болады?*<br>***Музыка тыңдау: «Жапырақ» (С.З.Табылғанқызы, Қ.Ж.Кенжебақызы)***<br>***Ән айту:*** *Өткен сабақтарда айтқан әндерді қайталау.*<br>*«Жапырақ » әні не туралы айтылды?*<br>*Ән айтар алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.*<br>*-Балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимылдарды, қозғалыстарды көрсетеді, қайталатады.*<br>***Би «Вальс»*** *(А.Аренский) «Орамалмен билейміз» , - деп, би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау. Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «****Жау жаңбыр» ойынын жалғастыру. Күн мен жаңбыр әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады» деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп біріне бірін ұрады.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қазан айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Қош келдің, Алтын күз!»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Алтын күз келді»*** | |
| ***Күні: 08.10.2020ж – 13. 10. 2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар күз туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады.*<br>*Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орй жауап береді.*<br>*күз құбылыстарын білу керек.*<br>*жомарт күз, алтын күз, асатаяқ деген ұғымды игереді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.*<br>***Сөздік жұмыс: Жомарт, қамбаға, көл-көсір.***<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Күзде ауа – рай қандай болады?*<br>*Қандай табиғат құбылыстары болады?* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасымен қарсы алу.***<br>*Шеңбермен жүруді,жүгіруді, жеңіл биырғақтарын үйрету.*<br>*«Күзгі орман» суретін балаларға көрсетіп, орманда қандай аңдардың мекендейтінінсұрайды.*<br>*- Өздерің білетінаңдардың қимылын салыпкөрсетіңдерші.*<br>*- Балалар, бәріміз біргекүзгі орманға ат арбаға отырып барайықшы:*<br>*Атарбага мінеміз,*<br>*Күзгі орманга келеміз.*<br>*Аңдарменен дос болып,*<br>*Саңырауқұлақ тереміз, -*<br>*деп балаларды отырғызады.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.* | *Күз мезгілі, жемістерге байланысты суреттер..*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.....минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Алтын күз келді» (Темірбай Гулжанат)*<br>*Музыка жетекшісі балаларды музыка тыңдауға отырғыза-ды, сипаттарын түсіндіреді.*<br>***Пед жет ойын: «Жанрды ажырат»*** *ән тыңдап,жанрын ажыратуға үйретеді.*<br>***1. «Сәби қуанышы»*** *(Е.Құсайынов) – көңілдіырғақ.*<br>***2. «Мерекелік марш»*** *(Б.Дәлденбаев) - жігерлі.*<br>*3.* ***«Вальс»*** *(Қ. Шілдебаев)- сабырлы.*<br>***«Баспалдақпен шығамыз»***<br>*(Е. Тиличеева) жаттығуын жасату.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды.*<br>***Ән үйрену:*** *«Алтын күз келді» (Темірбай Гулжанат)әні үйретіледі.*<br>*Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, («Ақжелкен» үнтаспасынан) жеңіл би ырғағын үйретеді.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Құрлымдалған қимылды ойын: «Қасқыр мен ңояндар» қойылымын (Ж. Бизенің «Кармен» шығармасына) үйретеді (би қимылдары үлгіде берілген). Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>**.....** *минут* | *Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қазан айы. Өтпелі тақырып:*** *«Қош келдің, Алтын күз!»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Мен алманы жақсы көремін»*** | |
| ***Күні: 20.10.2020ж – 22. 10. 2020ж*** | *2* ***сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***» ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.*<br>*Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Ойыншықтарды қалай ұстау керек?*<br>*Ойыншық бізге не үшін керек?*<br>*Ойыншықтар неден жасалады?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II.Ұйымдастыру*** | *Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы әндерді педагог орындағаннан кейін келесі әнге ауысқанда балаларды қызықтыру.*<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>***Әңгіме өткізу****: – Еліміздің ең ірі қаласы қай қала екенін білесіңдер ме?*<br>*Қандай көрікті жерлерін білесіңдер? Алматы – өте әсем қала, онда әлемге әйгілі «Медеу» мұзайдыны, Көктөбе, Опера және балет театры, Республика сарайы т.б. көптеген көрікті жерлері бар. Алматыда әлемге әйгілі апорт алмасы өседі. Бүгін осы әсем қала туралы музыка тыңдап, апорт туралы ән үйренеміз.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы.* | *АҚТ тех, дидактикалық материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Алматы» (муз. Е. Хасанғалиев, сөзі А. Асылбеков). Балалардан тыңдаған музыка не туралы екенін сұрау, әннің қандай көңіл күйде жазылғанын әңгімелеу.*<br>*Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ән айту:*** *«Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Әлемге әйгілі Алматының алмасы – апорт туралы балалардың пікірін тыңдау, әңгіме өткізу. Әннің сипатын ажырату. Әнді бірқалыпты, бір-бірін тыңдап, бірге қосылып айтуға үйрету.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М.Мусоргский). Музыка әуеніне қосылып, сипатына сәйкес ырғақты сақтай отырып мәнерлі қимыл-қозғалыстар жасау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Неліктен алманың отаны Алматы деп айтады? Алманың қандай пайдасы бар? Алма қандай түстерде болады? Ертегіден келген қонақтарға алмаларды тарту ет. Апорт деген қандай алма? Оның түсі, көлемі, дәмі қандай болады?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қараша айы. Өтпелі тақырып:*** *«Дені саудың жаны сау»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *«Қолыңды жу»* | |
| ***Күні: 27.10. 2020ж – 03.11.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажыратуды біледі.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Ойыншықты күтіп ұстауды, көмектесе білуді, өлең жолдарын қайталап айтуды біледі* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сабын,сүлгі* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру*** | ***Проблемалық сұрақ:*** *Дене шынықтырумен айналысу балаларға не береді? Мынандай тұжырым жасалады: дене шынықтыру балаларды мықты, дені сау, төзімді, күшті етеді. Біз денсаулықты шыңдау шынығуға байланысты екенін жақсы білеміз. Жорықтарға шығу, жол жүру – бәрі денсаулыққа пайдалы.*<br>*Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. Бала үні.* | *дидактик материалдар*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Қолыңды жу» (Абай Сарсет). Әнді тыңдап, не туралы айтылғанын әңгімелеу. Музыканың көңіл күйін ажырату, қандай екпінде орындалғанына көңіл аудару.*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***Ән айту:*** *«Қолыңды жу» (Абай Сарсет). Педагог әнді орындап, балалармен сұхбат жүргізеді. Ел қорғау үшін алдымен шыныққан шымыр болуы тиіс. Балалардың сұрақ-жауап арқылы ойларын ортаға салуға, іркілмей жауап берулеріне мүмкіндік жасау.*<br>*Әнді орындау кезінде тыныс алу жағына көңіл бөлу.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, креативтілік.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов), «Қара жорға» халық әуені. Шынығуды таңертеңгі жаттығудан бастау керек.*<br>*Сонда күні бойы сергек жүресіңдер. «Қара жорға» әуеніне қимылдар жасап көрсету.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, креативтілік.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Әнде не туралы айтылған? Мазмұнын әңгімеле.*<br>*Әуені, екпіні қандай?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қараша айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Дені саудың жаны сау»*

| | |
|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Спорт – біздің досымыз*** |
| ***Күні: 05.11.2020ж – 10.11.2020ж*** | ***2 сағат*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканың сүйемелдеуімен спорттық қимылдар жасай алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға жауап бере біледі*<br>*Сөздік: жемістер, көкөністер*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы?*<br>*Қандай биді ұнатасың?*<br>*Билеген ұнай ма?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ. Ұйымдастыру.***<br>*3-5 минут* | *Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру.*<br>***Проблемалық сұрақ:*** *Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Бүгінгі сабағымыз осы спорт туралы. Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз.*<br>*4 к моделі, бала үні* | *Дидактикалық материалдар.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К командада жұмыс, бала үні, мазмұн арқылы саралау.* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау.*<br>*Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Ән айту:*** *«Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, бала үні*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *« Орамалмен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында орамалмен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***4 к моделі, бала үні***<br>***Мазмұн арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *ҰОҚ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен?* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қараша айы. Өтпелі тақырып:*** *«Дені саудың жаны сау»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Пайдалы жемістер»*** | |
| ***Күні: 12.11.2020 – 17. 11. 2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.*<br>*Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.*<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Сұрақ-жауап кезінде тілді нақты пайдалануға дағдыланады. Әннің мазмұнын түсіне отырып ойларын жеткізуге тырысады.*<br>*Көптілділік: спорт – спорт*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Спорт маршы, аяқ добы, ашық-жарқын.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыканы тыңдай отырып не елестеттіңдер? Спорт туралы не білесіңдер? Әнде не туралы айтылған, спорттың ондай түрін білесіңдер ме? Музыка әуеніне ілесіп ленталармен жаттығу жасаған сендерге ұнады ма?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз. Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді пысықтаймыз.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Балалармен амандасу.*** *Ұрмалы музыкалық аспаптарда үйренген әуендерді еске түсіріп қайталау.*<br>***Проблемалық сұрақ:*** *Пайдалы және салауатты тағам деген не?*<br>*Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.*<br>*– Балалар, сендер түрлі жанрда, түрлі ырғақта, түрлі көңіл күйде музыка тыңдадыңдар. Музыка ұнады ма?*<br>***4 к моделы, бала үні***<br>***Мазмұн арқылы саралау*** | *дидактикалық материалдар*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау,* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*……минут* | ***Музыка тыңдау: Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.*<br>***Ән айту: «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.*<br>***Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***<br>*Құрлымдалған ойын: «Жемістер мен көкөністер»*<br>*Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*..... минут* | *Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы:** *«Шығармашылық»* **Оқу қызмет түрі:** *Музыка*
**Желтоқсан айы.** **Өтпелі тақырып:** *«Менің Қазақстаным»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Отаным** | |
| **Күні: 19.11. 2020ж – 24.11.2020ж** | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | **ортаңғы тобы** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | *Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерін айта алады.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Өздері білетін қалалар немесе өзі туған ауыл, қала туралы әңгімелейді.*<br>*Балалар жатқа білетін тақпақ, өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды.*<br>*Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтап, дауыстарын соза әндетуді үйренеді* | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** *Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді.*<br>*Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады*<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** *Алтын бесік, туған өлкем, биікке самғау*<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>*Отанды қорғау үшін біз қандай болып өсуіміз керек?*<br>*Отан деген не?* | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | *Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру.*<br>*Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.* | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>*Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:*<br>*– Сен қай мемлекетте тұрасың?*<br>*– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?*<br>*– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің*<br>*Сыни ойлау, бала үні.* | *Дидактикалық материалдар*<br>**Әдіс-тәсілі:** *4К командада жұмыс, бала үні, саралау, жаппай бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** *«Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?* | |

| | | |
|---|---|---|
| *.....минут* | ***Дауыс жаттығулары:*** *«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.*<br>***Ән айту:*** *«Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).*<br>*Отан – туған еліміз,*<br>*Отан – туған жеріміз.*<br>*Отан – ортақ үйіміз,*<br>*Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау*<br>***Аспаппен танысу:*** *Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.*<br>***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық аспаптардың саған қайсысы таныс? Олар қалай аталады? «Сәулем-ай» халық әнін орындау үшін қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрайық.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қыз қуу» ойыны* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>***.....*** *минут* | *Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Ұоқ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***
***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*
***Желтоқсан айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Менің Қазақстаным»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Астанаға саяхат*** | |
| ***Күні: 02. 12. 2020ж – 04.12.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Астана туралы түсіне отырып, әнді аспаптың сүйемелдеуімен айта алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Өткен күндерді еске түсіріп, қайталау.*<br>*Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.*<br>*Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады.*<br>***Сөздік жұмысы:*** *шаңғы, шана..*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:*** | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Жетекші балаларды*<br>***«Көңілді марш»***<br>*ырғағымен күтіп алады.*<br>*Жаттықтырып денені,*<br>*Жаттығуды бастаймыз.*<br>*Бәр-екі, бір-екі,*<br>*Адымдап біз жүреміз, - деп*<br>***«Музыка ырғағымен жаттығамыз»*** *ырғақты қыймылдар жасайық.* | *дидактикалық материалдар*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Сәлемдесу жаттығуың жалғастырады.*<br>*Балалар пойызға отырып, Астанаға барып келейік. РЭП ырғағымен әндете:*<br>*Гүлдене бер, Астана!*<br>*Пыш, пыш, пыш, пыш.*<br>*Астанамыз – бас қала!*<br>*Гу-гу-гу-гу.*<br>*Жасай берсін кең дала !*<br>*Бір, екі, үш, төрт,*<br>*Тоқтатамыз пойызды,*<br>*Пыш, пыш, пыш, пыш.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.....минут* | ***Музыка тыңдау: «Асқақтаған, Астана!»***<br>***(****А. Әлиев, Н.Айтұлы) әнін тыңдайық. Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлейік.*<br>*-Астана қандай қала?*<br>*-Әннің сипатын ажырат?*<br>***4 к моделы, бала үні. Мазмұн арқылы саралау***<br>***Пед жетекшілігмен ойын: «Сипатын ажырат».*** *Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек*<br>*Балалар суретке немесе тақтаға қарап, Астана туралы қысқаша фильм көреді.*<br>*Балалар әнді тыңдайды. Астана - әдемі,жаңа қала. Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады.*<br>***Дауыс жаттығуы:***<br>***«Менің елім»***<br>*(Г. Абдрахманов) әнін бірнеше рет айту.*<br>***Ән үрету: «Бәйтерек» (Б.Әлімжан,*** *Ж. Маханбетова).*<br>***Билеп үйренейік: «Қара жорға»*** *балаларды тұрғызып, би қыймылдарын көрсетеді. Балалардың қыйалына байланысты би жарысын ұйымдастырылады көңілді,*<br>*Әнді бірінші тыңдап алып, сұрақтарға жауап береді.*<br>*Әнді анық айтуға, бірдей бастап бірге бітіруге тырысады.*<br>*Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды.*<br>*Буындарын еркін қозғауға тырысады.*<br>***Бала үні 4 К моделі*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>***.....*** *минут* | ***Музыканы тыңдаған ұнай ма?***<br>***-Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер.***<br>*Балалардың жауаптар тыңдалады.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:** Музыка*

***Желтоқсан айы.*** ***Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Қысқы әуен»*** | |
| ***Күні: 08. 12. 2020ж – 22.12.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажыратуды біледі* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға- артқа, аяқ ұшықимылдарын жасауға талпынады.*<br>*Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұрады* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды?*<br>*Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру*** | *Музыка жетекшісі балаларға қоңырау үлестіреді.*<br>*«Қоңырауды соғайық,*<br>*Үнін естіп алайық»,-*<br>*деп ұсыныс жасайды.*<br>*Шырша жанына барып, қоңыр қонжықты ұйқыдан оятып алуға шақырады.*<br>*«Әлдеқашан таң атты*<br>*Ұйықтап жатқан қонжықты*<br>*Қоңыраулар оятты»,-* | ***Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Деп қоңырауларын соғуды сұрайды* ***«Қоңыраумен би»*** *(Е. Марченко.) Қонжық ойыншықты алып: «Міне, қонжық ұйқысынан оянды. Кәне, балалар, хал-жағдайын сұрайық».* ***Музыка тыңдау:*** *«Аязата сыйлығы»(Ж.Тезекбаев,И.сапарбаев)* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** | *Музыка жетекшісі балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрны, құлағы, аяғы, көзі қайда?»- деп сұрап, көрсетулерін талап етеді.*<br>*Қонжыққа арнап* ***«Қоңыр қонжық»*** *(Т. Сарыбаева) әнін орындап, тыңдауларын сұрайды.*<br>*Әнді екінші рет қайталап орындап, қонжықтың іс-әрекетін бірге жасауды сұрап, қадағалайды.*<br>*Ширма ішінен қңырау дауысы естіледі. Музыка жетекшісі ширма ішінен алып ойыншық қоянды көрсетеді.*<br>*-Балалар, қараңдаршы, бүгін қонаққа қонжықтың досы көжек келді. Кәне, көжекпен амандасайық. «Көжек- қоянның баласы» деп түсіндіреді.*<br>*-Көжек қалай секіреді? Құлағы қандай?-деп сұрайды.*<br>***Би:*** *«Кішкентай аязаталар»*<br>***Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***<br>***Ойын:*** *«Аю мен қояндар»*<br>*-Балалар, қонжық пен көжек сендерге риза болып, қатты қуанды. Сендер бүгін жақсы билеп, ойнадыңдар. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Қортынды. Сұрақ – жауап*<br>*Балаларды мадақтау* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***
***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*** ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*
***Қаңтар айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Қызықты қыс мезгілі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Кыс қызығы»*** | |
| ***Күні:*** 24. 12. ***2020ж – 29.12.2020ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***» ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Әнді мәнерлеп айтадыа, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар күлдіргіштер музыкасың тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.*<br>*Балалар топтарға бөлініп, әр аңның әуенін үйреніп, сол аңға тән қимылды жасауға талпынады.*<br>*Балалар алған әсерлерін жауап беру арқылы жеткізеді.*<br>*Әуенге сай аңдардың музыкасың ажырата біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Қандай құстарды білесіңдер?*<br>*Құстардың қандай пайдасы бар?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен іс-әрекет кезінде бастап үйренген көрініс биді естеріне түсіріп, әрі қарай жалғастырып үйренеді.* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Музыкалық сәлемдесу.***<br>*Жеделхат келеді. оқиды: «аққала көмекке шақырады».*<br>*«үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады».* | *Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.....минут* | *Балаларды алаңға «кысқызығы» ойын-сауығына шақыру.*<br>*Жетекші: кыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Шанғы тебеміз» Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.*<br>*Сыни ойлау, бал үні.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Шарты: Қағаздан аққала құрастыру.*<br>***Ән айту: «Қыс»*** *әні. Аққалаға айтып беру керегін айтады.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>*Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Пед жет ойын: «көңілді ырғақ».*<br>*Қоян дирижер рөлінде.*<br>*Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>***.....*** *минут* | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қаңтар айы. Өтпелі тақырып:*** *«Қызықты қыс мезгілі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Айнала ақша қар»*** | |
| ***Күні: 12.01. 2021ж – 14.01.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.*<br>*Қыс мезгілі туралы түсінеді.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Қыс көріністерін суреттеп айта біледі.*<br>*зырлайды сөздерін түсінеді.*<br>*Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын игереді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Балала қыс туралы білгендерінше жауап береді.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Тікенек, жап-жасыл, қуанышты.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Шыршаны қайдан көреміз*<br>*Шырша тойы сендерге ұнай ма?* | |

<table>
<tr><td>**Өткен ҰОҚ-нен алған білім**</td><td colspan="2">*Балалар өткен  сабақтардағы сұрақтарға жауап береді*</td></tr>
<tr><td colspan="3">**ҰОҚ өтілу барысы**</td></tr>
<tr><td>**Жоспарланған уақыт**</td><td>**Жоспарланған іс-әрекет**</td><td>**Ресурстар**</td></tr>
<tr><td>**І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**</td><td>*Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.*<br>*Қыс келді, қыс мұз – қарлы,*<br>*Қыраулы да ызғарлы.*<br>*Қыс келді, қыс боранды,*<br>*Қырат көрпе оранды.*<br>*Қыс келді, қыс мықты анық,*<br>*Қайтсе де біз ықпадық.*<br>*Қыс келді, қыс уайым ба,*<br>*Қандық біздер ойынға!*<br>*Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Өлеңде не туралы жазылған?*<br>*-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?*<br>*-Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*</td><td>*Тақырып бойынша суреттер.*<br>***Әдіс –тәсілдер:***<br>*Ашық сұрақтар, түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс*</td></tr>
<tr><td>*ҰОҚ-нің ортасы*<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*.....минут*</td><td>***Музыка тыңдау. Ән айту: «Қыс қызығы»***<br>*(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).*<br>*Әнді музыка жетекшісі орындап береді.*<br>*-Әнде не туралы айтылған?*<br>*-Қандай көңіл күйде?*<br>*Мәтінін әуенге қосылып үйрену.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, бала үні.*<br>***Ойын: «Қасқыр мен көжек».***<br>*Музыканы тыңдай отырып,әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.*<br>*Командада жұмыс, бала үні.*<br>***Музыкалдық-ырғақтық қозғалыстар:*** *Би: «Қасқыр мен қояндар».*<br>*Көрініс би («Билеп үйренейік»).*<br>*Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.*<br>*Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау бала үні.*</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?*<br>*-Ән сендерге ұнады ма?*<br>*-Қорытындылау, бағалау, марапаттау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қаңтар айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Қызықты қыс мезгілі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Жасыл шыршалар»*** | |
| ***Күні: 19.01. 2021ж – 26.01.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады.*<br>*Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады.*<br>*Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Дирижер, оркестр, концерт.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Суретте дирижер не істеп тұр?*<br>*Қолында не бар?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.*<br>*Айналамда ұшып жүр,*<br>*Ақ мамық қар себелеп.*<br>*Қалт-құлт еткен бейне бір,*<br>*Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров)*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс сендерге несімен ұнады?*<br>*Сыни ойлау, бала үні* | *Шырша суреті, дид материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.....минут* | ***Музыка тыңдау: Ән айту:*** *«Шырша жыры» Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден*<br>*Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.*<br>*Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:***<br>***Құрлымдалған қимылды ойын: «Көңілді балалар»***<br>*Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.*<br>*Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, жаппай бақылау.* | |
| ***ІV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>***.....*** *минут* | *-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?*<br>*-Қандай ән үйрендік?*<br>*-Қандай әуенге қимылдар жасадық?*<br>*-Бидің аты қалай?* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*      ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Ақпан  айы.     Өтпелі тақырып:*** *«Табиғат әлемі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Ормандағы кішкентай тұрғындар»*** | |
| ***Күні:    28.01. 2021ж – 02.02.2021ж*** | ***2  сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***«Еркетай» «Ботақан» ортаңғы тобы*** | |

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы есту қабілетін дамиды, ырғақты ажырата біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды*<br>*Ойынға кызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жінішке дыбыстарын айтады.*<br>*Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Қандай құстарды білесіңдер?*<br>*Құстардың қандай пайдасы бар?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Балаларды көңілді күймен қарсыалады.*<br>*Бүгін барлығы сиқырлы орманға барамыз.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Музыка тыңдау: «Табиғат құбылысы»*** *(үнтаспадан тыңдалады)*<br>*балаларға жауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді,қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды.* | *Доптар, шаршылар.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К ,*<br>*бала үні, жанама бақылау, саралау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.....минут* | *Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.*<br>*-Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.*<br>*Құртақандар көмекке шақырады, орманға барамыз құртақандарды табамыз.*<br>*Жылдам жүгіреміз, адымдап жүреміз.*<br>*Деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.*<br>*Мазмұн арқылы саралу, 4К моделііі бала үні*<br>***Дауысжаттығуы: «баспалдақ» Е.Тиличеева.*** *жаттығуды айтқызады,үйретеді.*<br>*Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.*<br>***Ән айту: «Құстар қайтып барады»*** *Еспенбетова Акзира.*<br>*Балаларға әнді жаттатып үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар: Пед жет ойын: «шаңғы тебеміз»*** *(Е. Тиличеева.)*<br>*Асыр салып ойнаймыз,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *шаңғыларды байлаймыз.*<br>*Ырғақпенен қозғалып,*<br>*жаттығуды жасайық.*<br>*-Бүгін бізге кімдер келді?*<br>*-сендерге аспапта ойнаған ұнады ма?*<br>*Бала үні.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>**.....** *минут* | *Балаларды мадақтайды.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Ақпан айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Табиғат әлемі»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»** | |
| **Күні: 09.02.2021ж – 11. 02. 2021ж.** | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | **ортаңғы тобы** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | *Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | ***Балалар:*** *Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.*<br>*Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | ***Балалар:*** *Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады.*<br>*Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?* | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | *Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады.* | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | *Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады.*<br>*Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады.*<br>*Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді.*<br>*Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты.*<br>*Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын*<br>*Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).*<br>*Мияу-мияу, мен айтамын.*<br>*Ақтөс: әуп-ауп, мен айтамын.*<br>*Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?*<br>*Мысық Марғау қалай дыбыстайды?*<br>*Ал Ақтөс ше?*<br>*Марғау: мияу-мияу,мен айтамын.*<br>*Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп.*<br>*Ертегіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?*<br>*Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).*<br>*Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.* | *Тақырып бойынша көрнекіліктер* |

| | | |
|---|---|---|
| | *-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?*<br>*Мазмұн арқылы саралу,Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні,* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*........ минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Аққала» әні. ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.*<br>*Марғау жылайды.*<br>*Ақтөс: сен неге жылап отырсың?*<br>*Марғау:Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.*<br>*Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.*<br>*Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме?*<br>*Түлкі:(келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?*<br>*Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?*<br>*Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.*<br>*Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен*<br>*біз саған Марғауды тауып береміз.*<br>*Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсындар?*<br>*Ертегіші:Біз саған «****Жасыл шырша жанында»*** *әнін тарту етеміз.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>*Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.*<br>*Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен,текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.*<br>*Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді.*<br>*-сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?*<br>*Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс.Пед жет ойын: «сөйлейтін бубен».***<br>*«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады.*<br>*Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.*<br>*Ертегіші: түлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық.*<br>*Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін*<br>*екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «**Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Ақпан айы.*** ***Өтпелі тақырып:*** *«Табиғат әлемі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Су – өмірдің өзегі»*** | |
| ***Күні: 16.02.2021ж – 23.02.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық шығарманың сипатын ажыратуды біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Музыкалық шығарманың сипатын ажырата алады.*<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады.*<br>*Көптілділік: су – вода*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Динамика, ырғақ, қарқын.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады.*<br>*– Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.*<br>*Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.* | ***Ресурс:*** *Дидак материалдар*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командамен жұмыс.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*....... минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын тыңдатып көрсету.*<br>*Блум таксономиясы.* | *«Су – өмірдің өзегі» әні*<br><br>*«Көбелек биі»* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Дауыс жаттығулары:*** *«Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.*<br>*Бала үні, сыни ойлау*<br>***Ән айту:*** *«Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).*<br>*Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу. Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).*<br>*Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.*<br>*Командамен жұмыс.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Рефлекция*<br>*Судың пайдасы туралы не білесің?*<br>*Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:** Музыка*

***Наурыз айы.*** ***Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Отбасым –бақытым»*** | |
| ***Күні: 25.02.2021ж – 02.03.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Ән мәтінін түсіне отырып, отбасы туралы әнді айта алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айта алады..*<br>*Қайырмасында аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды.*<br>*Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап әнді аяқтайды*<br>*Би қимылдарында тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдылардын үйренеді* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:** Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады.*<br>*Әркім өз отбасы туралы айтады.*<br>***Сөздік жұмыс:** Татулық, отбасы, балақан, алақан*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:** Отбасы деген не?*<br>*Отбасымызда кімдермен бірге тұрамыз?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақтағы әнді қайталап айтып, қимылмен жасайды.* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды.*<br>*– Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?*<br>*– Отбасыларыңда кімдер бар?*<br>*– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды.*<br>*Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ.* | *дидактикалық материалдар..*<br>***Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, сарлау, бақылау.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.*<br>*Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.*<br>***Ән айту:*** *«Әже тілегі» Т. Қоңыратбай).*<br>*Педагог әнді сүйемелдеу-мен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.*<br>*Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>***Аспаппен танысу:*** *«Қандай аспап?» (муз. Б. Дәлденбай). Балалар музыка аспаптарының тембрі (бояуы) арқылы қай аспап ойналып жатқанын ажыратады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көңілді ырғақтар»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шеңбер бойымен түзу жүруге және музыканы тыңдай білуге, музыкаға сай ырғ.қимыл жасауға үйрету. Ептілікке баулу.*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекені атап өтеді? «Өнерлі отбасы» атану үшін отбасы мүшелеріне қандай сыйлық заттар ұсынар едің? Суреттегі қай жануардың дауыс биіктігі, ырғағы бесік жырының әуеніне ұқсайды?*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата.*<br>***Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау»*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайктер беру* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:** Музыка*

***Наурыз айы.*** ***Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Мен бақытты баламын»*** | |
| ***Күні: 09.03.2021 - 11.03. 2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажыратуды біледі* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар музыкаырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға- артқа, аяқ ұшықимылдарын жасауға талпынады.*<br>*Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұрады* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды?*<br>*Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады.*<br>*Күлімде күн күлімде*<br>*Бүлдіршіндер қуансын*<br>*Жарқырап күнде ашылды*<br>*Айналаға нұр шашылды*<br>*Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз!*<br>*Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!*<br>*Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды.* | ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау,* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*....... минут* | ***Музыка тыңдау: «Тату достар»***.<br>*Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.*<br>*-Кімнің қандай өнері бар?*<br>*-Кім билегенді ұнатады?*<br>***Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***<br>***Дауыс жаттығулары:*** *Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.*<br>*Ән саламыз күнде біз,*<br>*Шаттық толы іргеміз,*<br>*Біз тату достармыз,*<br>*Біз үнемі біргеміз.*<br>***Ән айту:«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев***<br>*Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.*<br>*Зеңгір көктем, нұрын төккен*<br>*Ортақ біздің күніміз*<br>*Жайнап өскен, жайдары өскен.*<br>*Біз өмірдің гүліміз*<br>*Бал достыққа, жолдастыққа,*<br>*Шақырады әніміз*<br>*Тыныштыққа нұр құшаққа*<br>*Бақыттымыз бәріміз.*<br>*Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.*<br>*түсінеді.*<br>*Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.*<br>***саралау:*** *үдеріс арқылы саралау,* ***бақылау:*** *жалпылама, тікелей,*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс****: «Қатты және ақырын әуен»* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалар әуеннің көңілді, ойнақы мінезін анықтайды.*<br>*Әуен ырғағын сезініп, дұрыс қабылдау, қимылмен көрсете алу.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*……. минут* | *Қортынды. Сұрақ – жауап*<br>*Балаларды мадақтау* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:*** *«Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Наурыз айы.*** ***Өтпелі тақырып****: «Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Тәрбиеші апайым»*** | |
| ***Күні: 16. 03. 2021ж – 30.03.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әуенді әндете айта біледі.*<br>*Әуенді ырғақты қимылдарды игереді.*<br>*Балалар сұрақтарға жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *«Сәлем! Привет!» (әндете амандасу)* | *Тақырыптық материалдар* |

| | | |
|---|---|---|
| *0-2 минут* ***ІІ.Ұйымдастыру*** | | ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау, блум таксономиясы.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** *.....минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Тәрбиеші апайым» (Бота Бейсенова). «Салауат» (муз. мен сөзі М. Оразалиева). Әнді тыңдап, сипатын, көңіл күйін ажырату. Ән мазмұнын әңгімелеуді ұсыну. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***Ән айту:*** *«Тәрбиеші  бағбан» (муз. Қ. Сақай, сөзі Н. Жанаев). Ардақты мұғалім, Білімің – бұлағым.*<br>*Таусылмас сен жайлы Тасқынды жыр әнім. (А. Шаяхметов)*<br>*– Педагог сендерге қандай көмек көрсетеді? Ержеткенде кім боласың? Әннің композиторы туралы айтып, мамандығы жөнінде әңгімелеу. Әнді таза, әуенімен айтуға дағдыландыру. Әннің қарқыны, сипаты туралы сұралады.*<br>*Өнім арқылы саралау,  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс****: «Әуенді баспалдақ»*<br>*Жетекші жеңіл әуенді аспапта ойнайды, бала әуеннің қозғалысын баспалдақтағы көжек бейнесімен көрсетіп тұрады. Жоғары-төмен, бір орында.* | |
| ***ІV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *Тәрбиеші  деген кім? Тәрбиешінің  қызметі туралы әңгімеле.*<br>*Сүйікті апайыңа  не сыйлар едің? Апайыңа  арнаған гүл шоғының суретін көрсет.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*      ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Сәуір   айы.    Өтпелі тақырып:*** *«Табиғаттың гүлденуі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Көктем*** | |
| ***Күні:   02.04.2021ж – 06.04.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***«Еркетай» «Ботақан» ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Музыканы тыңдай отырып, бұл музыкаға қандай қимылдар жасауға болатынын айтуға тырысады.*<br>*Әннің мәтініне үйреніп, әуенді қосылып айтады.*<br>*Ән ырғағына сай қимылдар жасайды.*<br>*3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Бүршік, жаңбыр* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды?*<br>*Өткен сабаққа шолу жасау.* | |

| ҰОҚ өтілу барысы | | |
|---|---|---|
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау.*<br>*Сулар ағып жылғадан,*<br>*Келіп көктем құстары,*<br>*Құстар әнің жырлаған.*<br>*Бау-бақшада ән салды.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.* | *АҚТ тех, көрнекі құралдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*....... минут* | *-Балалар бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілін меңзеп тұр?*<br>*-Сендер қандай құбылыстарды байқадындар?*<br>***Музыка тыңдау: «Қараторғай»*** *(Ақан сері)*<br>*-Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткен дей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі – осы ән. Құстың шырылдаған үнің әнге қосқан.*<br>***Ән үйрену: «Көктем»*** *(Д.Гусинцев, Т.Исабаков).*<br>*Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұның сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрену.*<br>***Музыкалық –ырғақтық қозғалыс: «Жаңбыр әуені»*** *« Жаңбыр! (Е. Андосов) әуеніне ойын ұйымдастырылады. Әуенге ілесе саусақтарын тырсылдатып, шапалақтап, динамикалық белгілерін көрсетулерін бақылайды, үйретеді.*<br>*4 к моделы, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>*Блум таксономиясы* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *ҰОҚ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, шапалақта қолыңды, жоғары соз мойныңды, қолыңды бұлға жоғары. Сау болыңыздар* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*    ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Сәуір айы.  Өтпелі тақырып:*** *«Табиғаттың гүлденуі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | | ***Жау-жау жаңбыр*** |
| ***Күні: 13.04.2021ж – 15.04. 2021ж*** | | ***2 сағат*** |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық сүйемелдеумен әнді қосылып айта алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.*<br>*Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** *0-2 минут* ***ІІ.Ұйымдастыру*** *3-5 минут* | *Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі. Ілінген үлкен бұлт пен Күнге көңілін аударады.*<br>*-Балалар жауын қай кезде жауады?*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Кап-кап, тук-тук-тук»* | *АҚТ тех, дидактикалық материалдар. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау* |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** *.....минут* | ***Ән айту:*** *«Жау жаңбыр» Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып қайталауы қажет. Алдымен әуенді бірнешерет қайталайды, одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі.*<br>*Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу.*<br>*Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру.*<br>*Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау.*<br>*Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні, креативтілік*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:*** *«Күн шықты жаңбыр жауды» ойыны. Балалар музыка әуенімен «Күн шықты» сөзіне секіріп жүріп, «Жаңбыр жауды» сөзіне орындықтарнына отыра жөнеледі. Ойын бірнеше рет қайталанады.* | |
| ***ІV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *Бала үні, сыни ойлау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Сәуір айы . Өтпелі тақырып:*** *«Табиғаттың гүлденуі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Ертегілер елінде» әні*** | |
| ***Күні: 20.04. 2021ж – 27.04.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***«Еркетай» «Ботақан» ортаңғы тобы*** | |

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. Әннің мәтінін дұрыс айта алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *балалар ертегіні сомдай, сахналай білуді үйренеді.Рөлде ойнау дағдыларын меңгереді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен  сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** *0-2 минут* ***II.Ұйымдастыру*** *3-5 минут* | *Залдың іші «Бауырсақ» ертегісінің көрінісіне сай безендірілген.* ***Музыка тыңдау****:«Ертегілер» (Айгерім Қалаубаева) әуенмен балаларды қарсы алу. Музыка жетекшісі Бауырсақ қуыршағын немесе суретін көрсетіп, балаларды бірге көңіл көтеруге шақырады.*<br>*Мен көңілді бауырсақ  Кел, ойнайық қуыспақ!*<br>*Бауырсақ қашқан болады, балаларды қуалап жүгіруді ұсынады.*<br>***«Жүгіреміз»*** *(Г.Фрид) әуені ойналып, балалардың жеңіл жүгірулерін бақылайды.* | *«Бауырсақ» ертегісі суреттері.* ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** *.....минут* | *Әуен аяқталысымен балаларды отырғызып, жайғастыру.*<br>*Балалар, бүгін бізді Бауырсақ өзімен бірге ертегілер еліне қонаққа алып бармақшы. Бірге барамызба? Олай болса, Бауырсақ туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдаңдар. Бұл Бауырсақты кім пісірген екен? Ендеше, ертегімізді бастайық! Зал ортасына үйшік қайылып, педагогтың көмегімен қуыршақтарды ертегі мазмұнына сай қимылдатып, сахналайды.*<br>***Ән айту*** *«Ертегілер елінде» Айгерім Қалаубаева.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыс****: «Көңілді аңдар»*<br>*4К моделі, бала үні* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *- Балалар Бауырсақты атасы мен әжесі күтіп қалған шығар, үйіне жеткізіп салайық.*<br>*-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту*<br>*Сыни ойлау, бала үні* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*      ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Мамыр  айы .***        ***Өтпелі тақырып:*** *«Жайдарлы жаз келді»*

| | |
|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Жаз келді» әні*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***Күні: 29.04. 2021ж – 03.05.2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. Әннің мәтінін дұрыс айта алады.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әннің мәтінін дұрыс айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** *0-2 минут* ***II.Ұйымдастыру*** *3-5 минут* | *Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.* ***«Күн шықты жаңбыр жауды» ойыны.*** *Балалар музыка әуенімен «Күн шықты» сөзіне секіріп жүріп, «Жаңбыр жауды» сөзіне орындықтарнына отыра жөнеледі.* *Блум таксономиясы, Сыни ойлау, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.* | *Жаз мезгілінің суреттері.* ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау.* |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** *.....минут* | ***Музыка тыңдау «****Жаз жадырап» (Салтанат Шайзадаева)* ***Ән айту: «Жаз» (****Салтанат Шайзадаева)* ***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:*** *«Көбелектер мен гүлдер»* *-Балалар әрбір сөзді қыймыл көрсетіп жасайды.* *4К моделі, бала үні* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *-Балаларға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту* *Сыни ойлау, бала үні* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Мамыр айы . Өтпелі тақырып:*** *«Жайдарлы жаз келді!»*

<table>
<tr><td colspan="2">ҰОҚ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Пойыз» әні</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні: 11.05.2021ж – 13. 05. 2021ж</td><td colspan="2">2 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td>ортаңғы тобы</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>ҰОҚ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. Әннің мәтінін дұрыс айта алады.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Әннің мәтінін дұрыс айта алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар: Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰОҚ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.<br>Жылулық шеңбер.<br>-Жана сабақты түсіндіру.<br>-балалар сендер<br>-Пойыз дегеніміз не?<br>-Ол қайда жүреді?<br>-Сендер оған мініп көрдіндер ме?<br>-Біздің ауылда пойыз бар ма?<br>Блум таксономиясы, Сыни ойлау, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.</td><td>Пойыз суреттері.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау.</td></tr>
<tr><td>ҰОҚ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау:«Пойыз» әні. Сөзі – Ж.Смақовтікі. Әні – К.Қуатбаевтікі<br>Кәне, кімнің бойы ұзын?<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Пойызды біз құрайық.<br>Ал, паровоз, баста алға,<br>Бәрімізді басқар да.<br>Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Гу-гу, гу-гу, гуілде,<br>Қалып қойма бірің де,</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | *Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,*<br>*Жүрісті тым тездеттік!*<br>*Мазмұн арқылы саралу, 4К моделі, жаппай бақылау.*<br>• *Тәрбиешінің көмегімен әнді жаттайды.*<br><br>***Ән айту:*** *«Көңілді пойыздар» Айсәуле Нұрболатқызы*<br>*-Балалар сап түзеп тұрады,Бір бала машинист болып, «Пойыз» әнін педагогтың көмегімен қайталап қимылмен айтады.*<br>*Пед жет ойын : «Не жоқ?»* ***Шарты:*** *Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші ойыншықтардың орнын ауыстырады немесе біреуін тығып қояды. Балалар жоқ ойыншықты тауып айтады.*<br>*-Балалар әрбір сөзді қыймыл көрсетіп жасайды.*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыс*** *«Аялдама, тоқта»* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>**.....** *минут* | *-Пойыз жүргізушісін қалай атайды?*<br>*-Балалар бүгін біз кімнің өлеңмен таныстық. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?*<br>*-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту*<br>*Сыни ойлау, бала үні* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы.***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:** Музыка*

***Мамыр айы .*** ***Өтпелі тақырып:** «Жайдарлы жаз келді»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Ғажайып сылдырмақтар» әні*** | | |
| ***Күні: 18.05.2021ж – 25.05.2021ж*** | ***2 сағат*** | | |
| ***ТОП:*** | ***ортаңғы тобы*** | | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. Әннің мәтінін дұрыс айта алады.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әннің мәтінін дұрыс айта алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.* | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді* | | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** | |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** *0-2 минут* ***II.Ұйымдастыру*** *3-5 минут* | *Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек.*<br>*–Бүгін бізге қонаққа Ақмарал деген қуыршақ келіпті., Ақмарал сендермен ойнауға өзімен сылдырмақтар алып келіпті.*<br>*Блум таксономиясы, Сыни ойлау, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.* | *Сылдырмақтар* ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** *.....минут* | ***Музыка тыңдау «****Сылдырмақ» (Жақан Смақов)*<br>***Ән айту: «Жаз» (****Салтанат Шайзадаева)*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:*** *«Сылдырмақтар»биі*<br>*-Балалар әрбір сөзді қыймыл көрсетіп жасайды.*<br>*4К моделі, бала үні* | | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** ***.....*** *минут* | *–Бүгін бізге кім қонаққа келді?*<br>*Ақмарал сендерге рақмет айтып отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық,–деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Сыни ойлау, бала үні* | |